

БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУЫ МЕН БАЛАНЫҢ ҰҒЫМДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садуакас Назерке, Жанел Дидар

Сулейман Демирель атындағы университет

Ғылыми жетекшісі: СДУ профессоры, ф.ғ.к., Құралай Мұхамеди

Адам санасы қалыптасып, оның жүйелі болуы бірнеше кезеңдерден өтеді. Оның ең бір маңызды кезеңдерінің бірі бала тілінің қалыптасуы мен дамуы болып табылады. Бұл кезеңде бала қоршаған ортадағы құбылыстар мен қатар өзін қоршаған адамдардың ықпалы арқылы санасында белгілі бір сөз бен ұғым қалыптастырады. Бала тілінің дамуын зерттеген Цейтлин, өзінің еңбектерінде осы сала бойынша көптеген мәлімет беріп кеткен болатын. Ол «Язык и ребенок» еңбегіндегі «Лингвистика детской речи» атты талдамасында балалар тілін алғаш рет зерттелу процесін баяндайды. Бұл еңбек арқылы бала тілі туралы ғылымның 19-шы ғасырдың бірінші жартысынан бастап дамып, өз жалғасын тауып отырғандығын аңғарамыз. Еңбекте атап көрсеткендей бала тілін зерттеу атақты философ, психолог және тарихшы Ипполит Тэнн кішкентай қызының сөз саптауына мән беріп, қызығушылық танытып, жазбаға басып алған болатын, бұл жазба 1877 жылы «Mind» журналында жарық көрді. Бұл жазбалар жарыққа шыққаннан соң Чарльз Дарвин осы журналдың келесі санында, өз баласының сөйлеу тіліне бұдан ертеректе жүргізілген күнделік жазбасының бірнеше бөліктерін жария еткен болатын. Бұл күнделік жазбасында Чарльз Дарвин баласының сөйлеу тілін бақылай отырып, коммуникативті іс-қимылдары мен сөзіне назар аударған. Ғасырлар тоғысынан бері осы ғылым саласында өзіндік орны бар еңбек Клара мен Вильгельм Штерннің «Die kindersprache» кітабы. Бұл кітап олардың балалары Гильда мен Гюнтердің күнделік жазбасына негізделген. Сонымен қатар атақты лингвист И.А Бодуэн дэ Куртене өз балаларының сөйлеу тіліне тереңірек үңіліп, бұл материалдарға теориялық негізде баға берген болатын. Бұл күнделік жазбалары 1960-ыншы жылдары Краков қаласында профессор Шуманның басқаруымен жүргізілді және де көрсетілген деректер бойыншы бір мен үш жас арасындағы бүлдіршін тілі нормалаған, жүйелеген әдеби тіл қатарында болмаса да толық мағынасы бар құрылым екені белгілі. Бала өмірге келгеннен бастап, дыбысың арасында дамиды. Сол арқылы өз санасындағы түсініктер мен елестету арқылы бейнелерді

сондай- ақ ұғымдарда қалыптастырады. Баланың айналасындағы тіршілік процесі бала тілінің қалыптасуына әсер етпей қоймайды, соның нәтижесінде бала тілі қалыптасады.

Бала тіліндегі сөз бен ұғым қатынасына келер болсақ, ұғым деген сөздің өзі объективті нағыздық нәрселерін және олардың қасиеттерін көрсететін абстрактілі ойлау формаларының бірі болып табылады. Осы тұста әр адам санасына «Баланың ойлау жүйесінде ең бірінші ұғым пайда болды ма? әлде сөз пайда болды ма?» деген сұрақ келеді. Мұны ұлт жанашыры Жүсіпбек Аймауытов өзінің еңбектерінде түсіндіреді. Кейбір психологтар бала тілінде ең бірінші сөз, содан соң ғана ұғым пайда болады деген қортындыға келген. Мұны былай түсінуге болады: Бала итті бірінші көргені екен, біреу бұл «ит» дейді екен. Бала ит деген сөзді қағып алады. Бірақ бұл жалпы есім деп ойламайды Сәрсембай, Бейсембай деген сықылды жалқы есім деп жүреді. Тағы бір ит көрсе оны да жұрт «ит» деп атайды екен, бұл да ол хайуанның жалқы есімі екен деп жүреді. Соңынан жүре-жүре бала көп иттерді көргеннен соң барып, бала «ит» деген жалпы атау екенін біледі, содан барып жалпы перне, ұғым туады. Бұл мысалдан сөз ұғымнан бірінші туады деген қорытынды шығады. Сол секілді балаға бір қызыл допты көрсетіп, қолына берсек, ол бала «доп» атауы тек сол допқа ғана тиесілі, яғни жалқы есім деп түсінеді. Егерде ол балаға доптың басқа түрлерін тізіп қойып, арасына жаңағы қызыл допты да қойсақ және баладан доп қайсы екенін сұрасақ, ол тек қана қызыл допты нұсқайды екен. Жүсіпбек Аймауытов енді бір мысалында, осы пікірге қарама- қайшы келетін сөздермен толықтырып кетеді. Ол пікіде кей оқымыстылар сөзден бұрын ұғым пайда болады, сөз ұғымға қойылатын ат дейді. Олар мынадай мысал келтіреді. Бала тілі шықпай тұрып ойлайды, ойлағаны емес пе, өз үйінің кісілеріне жымияды, бөтен кісі көрсе, қорқып жылайды, ендеше балада ілікестік, жаңғырту, есіне түсіру бар болу керек, тілі жоқ болса да, ойлау болу керек деп көрсетеді Жүсіпбек Аймауытов. Айтып өткеніміздей бір және үш жас аралығындағы бала жан-жағынан естіген сөздерін түйсініп, санасында қорытып сыртқа шығаруға тырысады, яғни бала бір объектіге сүйене отырып, сөзін ой жүйесінен шығарады. А. Леонтьевтің пайымдауы бойынша бала сөйлегенде алдын- ала оны ой жиегінен өткізеді, сол ой дыбыс не сөз болып үдеріске айналады. Бұдан шығатын қорытынды баланың ойлау жүйесінде алдымен ұғым қалыптасып одан кейін ғана сөз

қалыптасады деп пікір айтады. Көрсетілген деректер бойынша баланың тілі шықпай тұрып, санасында белгілі-бір ұғым пайда болады. Баланың сөйлеу тілі қалыптасып жүйеленгенше бұл ұғымдар белгілі-бір дыбыстаулар арқылы шығып отырады. Баланың сөйлеу тілі ертеде қалыптасып, әлі күнге дейін дамып келе жатқан ғылым саласы.

Баланың сөйлеу тілі дамуын зерттеген А.Н Гвоздьев, А.Н Леонтьев секілді ғалымдар баланың сөз саптауын екі кезеңге бөлген болатын. Ол кезеңдер: сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезең (Баланың туылғанынан бір жасқа дейінгі кезең), сөйлеу тілі шыққаннан кейінгі кезең (Бір жастан кейінгі кезең). Сөйлеу тілі шыққанға дейінгі кезең дайындық кезең деп атайды. Өйткені бұл кезде баланың сөйлеу тілін меңгеруге дайындық жүреді. Бала бір айдың аяғында жан-жағындағы дауыс ырғағына мән беріп, жылы және қатты сөйлегенді сезеді. Бұл кезде баланың үілдеуі әр түрлі интонациямен шығады. Ал екінші сөйлеу тілі шыққан кезең өз-ара үш кезеңге бөлінеді. Ал сөйлеу тілі оны құрайтын компоненттері бойынша дамиды. Дыбыс айтуы, сөздік қоры, грамматикалық құрылысы.

Сөйлеу тілінің компоненттеріне тоқталар болсақ, дыбыс айту құрылымы бойынша Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегінде сөз қозғайды. Сиырды-«мөө, мөөө, мөө», қойды-«мээ, мээә, мээә», мысықты-«мияу, мияу», итті-«ау, ау» дейтін болады»- дейді ғалым. Демек бала естігенін дәл сол күйінде шығарады. Мысықтың мияулайтыны сиырдың мөңірейтіні Қойдың маңырайтыны-бәріне белгілі әрекет. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады. Сонымен қатар бір мен үш жас аралығындағы бала тілінде көптеген жаңа атаулар кездеседі. Мысалы: Телефонды- але десе, футболды- гол дейді. Келтірілген мысалдарға қарап, баланың өз санасында қалыптастырған жаңа атаулардың негіздемесі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Әрбір ересек адам допты тебетінін телефонға келген қоңырауға алло деп жауап беретіндігін, гол деген футбол ойынының термині екендігін біледі. Демек, бала мағынасы мен қызыметі сақталған, бірақ нормадан ауытқыған сөздерді қалыптастыратынын байқаймыз. Айта кетер болсақ баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына және де жүйеленуіне тіліміздегі дыбыстардың алатын орны маңызды. Кейбір жағдайларда дыбыстың жіңішке немесе жуан естілуі немесе дыбысталуы бала санасындағы қандайда бір құбылыстардың бейнесін құрауға көмегін береді. Бұл жөнінде, балалар психологиясы мен бала тілінің дамуын зерттеген

ғалымдар Ж.Қ. Дүйсенова мен Қ.Н. Нығметованың пайымдауы бойынша, расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты деген тұжырым айтады. Сондай-ақ бала көрмеген затын естігенде, оның дыбысталуына байланысты, ол заттың сұлбасын санасында қалыптастырады. Мысал ретінде Е.И. Негневецкой мен А.М. Шахнаровичтің «Язык и дети » еңбегінде жүргізілген тәжірибеде Балаға «кит» пен «кот» сөзін айтып, қайсысы үлкен деп сұрағанда, киттің не екенін білмейтін балалар, кот деп жауап берген. Себебі, «и» дыбысының ассоциациясы кішкентай заттармен сәйкес келетіндігі, ал «о» дыбысының ассоциациясы үлкен затпен сәйкес келетінін байқадық.

Екінші компонентті сөздік қорына үңілсек, баланың сөздік қоры оның жас ерекшелігіне байланысты көбейіп отырады. Американдық ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша баланың бір жасында оның активті сөздік қорында үш сөзден кем сөз болмауы тиіс, бір жас алты айында оның қорындағы сөздер саны орташа есеппен жиырма, бір жас тоғыз айында жүз жиырма шақты сөз болады деген тұжырымдама шығарған. Тағы да айта кететін жағдай баланың сөздік қорының көбеюі, оның жан-жағындағы ықоршаған адамдарға байланысты болатыны белгілі, оған дәлел ғалымдардың пікірі бойынша ата-әжесінің қолындағы балалардың сөздік қоры балабақшада тәрбиеленетін балаларға қарағанда молырақ болады екен. Оның себебі, балабақшадағы балалар бір-бірімен тек санаулы сөздер арқылы қарым-қатынас жасағандықтан сөздік қоры толықпайды, керісінше ата-әжесінің қолында тәрбиеленген баланың сөздері толыққанды, әрі көбірек болады.

Баланың сөйлеу тіліндегі сөздік қорының көбеюі оның дамуына үлес қосады. Алғашқы кезеңде бала тек сөздің номинативтік функциясын ғана меңгереді. Сондай-ақ етістктерді қолдана бастайды. Кейіннен грамматикалық категориялар, яғни сын есім, есімдік, үстеулерді қолдана бастайды. Сонымен қатар септік, көптік жалғаулары мен жұрнақтарды дұрыс қолданып, дыбыстық талдау дағдылары қалыптасады. А.Н. Гвоздьевтің айтуы бойынша үш жастағы балада грамматикалық негізгі категориялары толыққалыптасады. Төрт жастағы бала өз тілінде жай және күрделі сөйлемдері қолданады. Ал бес жастағы бала қосымша сұрақтарсыз тыңдаған әңгіменің мазмұнын өз бетімен айтып бере алады.

Алайда баланың қалыпты сөйлеу тілінің дамуымен қатар дамымауын да әр түрлі деңгейде қарастыруымызға болады. Алғашында Р.Е.Левина жалпы сөйлеу тілі дамымауын үш деңгейге бөліген болатын. Кейіннен Т.Б.Феличева төртінші деңгейді сипаттап қосады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының бірінші деңгейінде тіл мүлдем қатыспайды. Бұл деңгейде балалардың сөздік қоры шамадан тыс шектелген. Мұндай балалар заттардың қимыл әрекеттердің сыртқы сипатына немесе олардан шығатын дыбысытың ұқсастығына қарап ат қояды. Мысалы:«дөдет»-машина немесе машинамен кетті деген мағына береді. Екінші деңгейінде сөздің, дыбыстың құрамын сақтап қайталау қабілеті дамымайды. Жалпы сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейіне ауысуының белгісі ымда умен былдыр сөздерден басқа бұрмалаған болса да, айтарлықтай тиянақты жалпы қолданатын сөздер пайда болады. Мысалы:Даз. Бадя сомып дүй(Жаз. Балалар шомылып жүр). Ал үшінші деңгейде сөздегі дыбыстардың түсіп қалатын тұрақты қателері ең қиын сөздердегі буындардың бұзылуы байқалады. Мысалы: велосипед- сипед, сасипед. Ал төртінші деңгейін зерттеуші Реселік автор Т.Б. Филичева және Қазақстандық Грушевская былай деп көрсетеді: төртінші деңгейдегі балалар өз ойларын жоспарлай алмайды, тіл құралдарын іріктеуде қиналатындығын айтады. Қалыпты дамыған бала төрт жасында ана тілінің барлық дыбыстарын ажырата алуы керек, яғни оның фонематикалық қабылдау қабілеті толығымен дамыған болуы қажет. Баладағы сөйлеу тілінің қалыпты, жасына сай дамымауы баланың психологиясында ауытқуы бар екенін және де кейбір ұғымдарды толыққанды түсіне алмауына алып келеді. Бірақта кейбір мәселелрді ескермей кетсек жөн болмас. Әр бір баланың санасының дамуы оның қоршаған ортасымен түйсіну қабілетіне байланысты. Сол себепті тілдік даму процесі үстіндегі балаға қысым көрсету жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Осы жөнінде Жүсіпбек Аймауытов былай дейді: төрт- бес буынды сөздерді бала көпке шейін айта алмаса керек. «Сәрсенбай, деші қарағым» дегенде, баласы: «Сәрсе немесе сәсе» дейтіні содан ғой. Балаға салғаннан қиын, көп сөз үйретпек болған ата-ана салғаннан кейін әңгіме, көп сан, терең мәселе туралы оқытпақ болған мұғалім- наданның наданы ғой. Бұл күнгі ересек адам тіл жүйесінде, ондай жетіліп, жүре бара нәрсе мен дыбысы арасындағы байланысты қалдырған болса, бала да тап сол сықылды, пернелерді онымен қатар өздері көбейген сайын еліктеуден шыққан ойын сөйлеммен айтуға

жарайды. Бала түгілі қарапайым адамның да сөйлемі қысқа, жабайы және жеңіл болып келеді. Күрделікіын сөйлемдерді олай ұқпайды. Өйткені сөз, сөйлем дегеніміз ұғыммен, біліммен қабат өсетін құрал дейді. Баланаң тілі де сол секілді алған білімі мен естіген сөздері арқылы дамып, жетілуден өтеді.

Қортындылай келе, бала тілінің дамуы тек бірнеше ғана жылды алатын процесс емес, ол адам өмірінің соңына дейін жалғасатын үрдіс. Тек адам нәресте кезде оның сөйлеу әрекеті бір тура жолға салынады, ал есею шағында адамның сөздік қоры толығып отырады. Бала тілінің дамуы барысында танымның маңызы зор болып табылады. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды», - дейді ғалым С.Н.Цейтлин.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Санкт-Петербург, 1992. С.153-186
2. Аймауытов Ж. Психология. –Алматы, 2006. 212-256б.
- 3 Негневской Е.И ., Шахнарович А.М. Язык и дети.-Москва, 1992.

Бұл мақалада біз бала тілінің даму процесі мен бала санасындағы белгілі бір дүниеге байланысты қалыптасатын ұғымдарды, сондай-ақ ол ұғымдардың атауы бала тілінде қалай дыбысталатындығы жайлы айтатын боламыз. Сонымен қатар 1 мен 3 жас аралығындағы бүлдіршін тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені белгілі. Бала өмірге келгеннен бастап, дыбыстың арасында дамиды, сол арқылы өз санасындағы түсініктер мен елестету арқылы бейнелерді қалыптастырады. Баланың айналасындағы тіршілік процесі бала тілінің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Соның нәтижесінде бала тілі қалыптасады. Бұл баяндама Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі мен Цейтлинның «Язык и ребенок» атты зерттеулерін негізге ала отырып дайындалды.

В этом статье мы обсудим концепцию развития детского языка и понятия связанных сознанием развивающего ребенка. Известно так же , что дети в возрасте от 1 до 3- х лет имеет значимую структуру, хотя это не стандартизованный литературный язык.С того момента, как ребенок начинает жить, он развивается между звуками, тем самым формируя изображения через свои восприятия и воображения. Этот доклад был подготовлен на основе исследований ЖусупбекаАймауитова «Психология» и исследования «Язык и ребенок» Цейтлина